

6D016 – «Тарих педагогтерін даярлау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті «Тарих» кафедрасының PhD докторанты Гулжан Идрисованың «Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихы» тақырыбында дайындаған диссертациясына

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ

Гулжан Идрисованың «Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының көкейкестілігі – дәстүрлі қазақ қауымы тек саяси-әлеуметтік құбылыс ғана емес, сол ортада бейімделген барлық құрылымдық қасиеттері әлеуметтік ғылыми тұрғыда дәйектеуге арналуымен айқындалады. Дәстүрлі қазақ қоғамының басты белгісі оның көшпелі шаруашылық-мәдени типі болып саналады. Дәстүрлі қоғамның тарихына негізделген бұл ғылыми жұмыста мол дереккөздер жинақталған. Қазақ дәстүрлі қоғамының тарихы мен мәдениетіне қатысты дереккөздерді қамтылған бұл еңбектің құндылығы жоғары.

Дәстүрлі қазақ қоғамының тарихы отарлық Кеңестік билік кезеңдерінде евроцентристік көзқарас қалыптасқан. Көшпелі қоғамдағы орталық мемлекеттік биліктің жеке-дара дербес болуының көрінісі, оның қалыптасқан құқықтық мәдениеті, мемлекеттік биліктегі елді басқару ісі, қоғамдық қатынастарды реттеу мәселесін жан-жақты қарастырылған. Бұл ғылыми жұмыста қазақ қоғамында ресейлік ықпалмен жүргізілген аграрлық, саяси реформалардың салдарлары түсіндірілген. Көшпелі қазақ қоғамында орта ғасырлардың өзінде өзіндік ерекшеліктері бар биліктің бөліну жүйесі қалыптасқандығы көрсетілген. Дәстүрлі мазмұнындағы қарастырылған дәстүрлі қазақ қоғамындағы қазақ халқының бүгінгі таңдағы ұлттық құндылықтардың қолданысын оның ұлттық тұрғыдан дамуы мен еліміздің рухани жаңғыруына деген көзқарасын, оның ұлттық тұрғыдан тұрақты дамуы мен кәсіби меңгерудегі ізденіс деңгейлерін білуді көздейді. Диссертанттың зерттеуі тақырыпқа қатысты жаңа тарихи желілерді талдау мен сараптау арқылы отарлау кезеңін тұтастай қарастыруға арналған. Тақырыпқа қатысты жасаған тарихнамалық, деректанулық талдаулары мен сараптаулары докторантқа тарихи-мәдени және қазіргі заманғы тарихи тәжірибелерін одан әрі дамытуға байланысты тұжырымдар жасауға мүмкіндік берген. Отандық және шетелдік ғалымдардың іргелі теориялық тұжырымдарына сүйенген. Зерттеу жұмысының басты жетістіктерінің қатарында, докторанттың жаңа дереккөздерге басымдық беруі болғандығын бөліп айтуға болады. Тақырыптың белгілі бір мәселелеріне қатысты отандық зерттеушілердің еңбектерінде қалыптасқан көзқарастарды салыстыра баға беруі – жұмыстың мазмұнына оң ықпал жасаған.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы жоғары. Атап айтқанда зерттеу барысында қол жеткен нәтижелер ретінде мыналарды атап айтуға болады: Біріншіден: дәстүрлі қазақ қоғамы тарихының тарихнамасы, дереккөздері

туралы тың тұжырымдар жасалған, бірқатар маңызды архив құжаттары ғылыми айналымға ұсынылған. Екіншіден, дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихының мазмұнын толықтырып, оқыту әдістемесін жетілдіруге ұсыныстар жасаған. Үшіншіден, «Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихы» атты таңдау пәнін оқу үрдісіне енгізу. Диссертацияның мазмұны мен құрылымы тақырыпқа сай келеді, хронологиялық бірізділік, логикалық байланыс сақталған. Тақырыпқа сәйкес даму тарихының ерекшеліктерін жіктеген; бірқатар тың архив деректерін айналымға ұсынған; Ресей империясы және Кеңес Одағы құрамында болған бодандық кезеңдегі байланыстардың тарихына деректанулық және тарихнамалық талдаулар жасаған; тәуелсіздік кезеңіндегі дәстүрлі қоғамды рухани-мәдени дамуын дербес қарастырып, қоғамдық-мәдени жаңаруына талдау жасап, ғылыми тұжырымдар жасаған. Жалпы, диссертация құрылымы қисындық және мазмұндық тұрғыда біртұтас жасалған, зерттеу нәтижелері ғылыми негізді және деректік тұрғыда дәлелді болып шыққан.

6D016 – «Тарих педагогтерін даярлау» мамандығы шифрының ерекшеліктеріне сай тарихи зерттеулерде қол жеткен нәтижелерді жоғары оқу орындарының оқу үдерісіне енгізуге бағытталған педагогикалық зерттеулері де докторантқа ұсынған пәніне қатысты әдістемелік ұсыныстар дайындауына мүмкіндіктер берген. Бұл нәтижелер зерттеу барысындағы жаңалықтардың қолданбалық сипатын айқындайды.

Г.Идрисованың Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихы арнайы тұтастай қарастыру арқылы тақырыпқа нақтылық беруі, тарихи деректер мен тарихнама туралы тұжырымдары және осы ғылыми нәтижелерді оқу үдерісіне енгізуі оның тарих ғылымында қосқан жеке еңбегі деп бағаланады. Диссертанттың тақырыпты зерттеуде ұстанған ғылыми позициясы орнықты. Жасаған тұжырымдарында этикаға жат әрекеттер жоқ. Жұмыс ғылыми кеңесшілерінің басшылығымен дербес орындалған.

Докторантура бағдарламасы бойынша оқуы, Өзбекстан Республикасының жоғары оқу орындарында тағлымдамадан өтуі және ғылыми кеңесшілермен бірлесе зерттеу жүргізуі барысында тарихи зерттеулердің теориялық және әдіснамалық негіздерін меңгеріп, педагогикалық тәжірибе барысында оқыту әдістемесіне керекті біліктіліктер мен дағдыларды игерді.

Қол жеткізген ғылыми нәтижелерінің жаңалығын ескере отырып, Идрисова Гүлжанның «Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын 6D016 – «Тарих педагогтерін даярлау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғау талаптарына сай деп бағалап, қорғауға ұсынамын.

Ғылыми жетекші:

**т.ғ.д., Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университетінің профессоры**

Х.М.Түрсүн

Қ.А.Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университеті
Адам ресурстарын басқару
Тіршілік Басқармасы

Адам
ресурстарын
басқару бөлімі